



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igiman01@mail.ru • №20 (9574) 17 мамыр 2024 ж.

Жеңіс жауынгерлерінің ерлігіне құрмет, рухына тағзым

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңес Одағына опасыздықпен шабуыл жасады. Барша халық үшін бұл ауыр кезең болды. Осы соғыста Кеңес Одағының басқа республикаларымен бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. 500 – ден аса қазақстандық ең жоғары атақ – Кеңес Одағының батыры атануы жоғарыдағы сөзімізге дәлел.



Сарқан ауданындағы Ұлы Жеңістің соңғы солдаттары Берлібек Ысқақов пен Алексей Галкин биыл, сәуір айында дүниеден өтті. Бірақ ешкім де, ештеңе де ұмытылмауы тиіс! Себебі бұл – біздің тарихымыз, біздің мақтанышымыз, біздің даңқымыз!

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев, тыл еңбеккерлері, ауданның Құрметті азаматтары, ауған соғысының ардагерлері және көпшілік қаламыздағы «Жеңіс» саябағындағы мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, аға ұрпақтың ерлігіне құрмет көрсетіп, рухына тағзым етті.



Ұлы Жеңіс күнінің құрметіне үш мәрте салют беріліп, Ақын Сара атындағы орта мектептің шәкірттері атақты «Жеңіс күні» әнін хормен айтып, отты жылдарды жиналған жұртшылық жадында жаңғыртты. Мәңгілік алау жанына жиналған көпшілік осынау күнді бар жан-тәнімен жақындатқандарды үнсіз еске алып, ел үшін, жер үшін жанын қиған батырларға тағзым етті.

Өз тілшіміз.

«Таза Қазақстан»

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ ЖАЛҒАСУДА

Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының «Мөлдір бұлақ» апталығына Жетісу облысының әр елді мекен тұрғындары атсалысуда.

«Мөлдір бұлақ» – өзен, көлдер маңына тазалық жұмыстарын жүргізіп, жағажайларды қоқыстан тазартуға бағытталған экологиялық акциялардан тұрады. Жалпы облыс бойынша аталған күндері 20 мыңға жуық адамның қатысуымен, 50 экологиялық шара жоспарланып, ұйымдастырылуда. Ауыл-аймақ өз аумағындағы өзендер маңына сенбілік жұмыстарын жүргізіп,

бұлақ көздерін ашты. Қала аумағындағы арық жүйелерін тазартып, өзен сула-рының арнасы ашылды.

Жетісу облысы бойынша «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Таза өзен», «Тазалық өзімізден басталады» сынды бірқатар экологиялық акциялар ұйымдастырылды. Шараға 1985 адам (еріктілер, экобелсенділер, тұрғындар) қатысты. 13 арнайы техника жұмылдырылып, 31



тонна қоқыс шығарылды. Бір күнде облыс аумағындағы 19 өзеннің (Көксу, Қора, Шажы, Қарсу, Қаратал, т.б.) айналасына сенбілік жұмыстары жасалып, арналары тазартылды.



«Мөлдір бұлақ» апталығы аясында

Ағымдағы жылдың мамыр айының 10-ы күні «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының «Мөлдір бұлақ» апталығы жалғасын тапты. Өзен-көлдер маңын қоқыстан тазалау жұмыстарына арналған апталық аясында Қарашыған және Көктерек ауылдық округтерінде тазалық жұмыстары жүргізілді. Аталған іс-шараға 110-ға жуық адам және 2 техника қатысып, 1 тоннаға жуық күл – қоқыс шығарылды. Ажарланған ауыл тұрғындары қоғамдық іс-шараға белсене атсалысты.

Өз тілшіміз.

Сиверс алмасының гүлдеуі Көкжота шатқалындағы көктем мерекесі

Жылда осы уақытта Сарқан ауданында Сиверс алмасының гүлдеуіне орай фестиваль ұйымдастырылады. Биыл да алманың гүлденуінің кезекті сәтіне куә болдық. Осы алманың атасын одан әрі танымал ету әрі дәріптеу мақсатында «Жоңғар Алатауы» МҰТП-нің ұйымдастыруымен блогерлер мен БАҚ өкілдері үшін «Сиверс алмасының гүлдеуі» атты ақпараттық тур Тополевка орманшылығының Көкжота шатқалында өтті. Аталған іс-шараны республикалық «Қазақстан», облыстық «Жетісу» телеарналары, VISIT ZHETYSU мекемесінің өкілдері арнайы келіп тамашалады.

Сиверс алмасы әдетте ұсақ топырақты, сирек қиыршық тасты беткейлерде, шатқалдар мен өзен аңғарларында, жалпақ жапырақты, аралас, сирек қылқан жапырақты ормандарда, тау етектерінен бастап, таудың жоғары белдеулерге дейін өседі. Тұқым қуалау бірлігі сақталған генетикалық материал ретінде, әлемді мойындатқан Сиверс алмасы мәдени сұрыптарының 15000-ының арғы-тегі болып табылады. Сирек кездесетін Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген түр.

Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық саябағының аумағы жабайы жеміс-жидек өсімдік түрлеріне бай аймақ. Мұндағы жабайы Сиверс алмасы өте бағалы әлемдік мәні зор бірден-бір генетикалық қор болып саналады. Табиғи саябақ аумағындағы жабайы Сиверс алмасы саябақтың жалпы жер көлемінің 3800 га аумағын қамтиды. Таулы аймақтары бойынша жабайы алманың кездесетін жерлері және қанша көлемде кездесетіні пайызбен көрсеткенде келесідей: Жоңғар Алатауы- 48%; Іле Алатауы-25%; Қаратау-12%; Талас Алатауы-11%; Тарбағатай-2%. Қазақстаннан тыс Қытайдың батыс бөлігі мен Орта Азияның оңтүстік тауларында (Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан) таралған.

1793 жылы орыс ботанигі Иоганн Сиверс Үржар өзенінің аңғарларындағы орман ішінде өскен жабайы алмаға бірінші болып сипаттама жазған. Орыс ботанигі К.Ф.Ледебур 1844 жылы Тарбағатайда болған кезінде осы Сиверс алмасына толық сипаттама берген. 1929 жылы орыстың ұлы ғалымы Н.И.Вавилов Орталық Азияға экспедицияға шығу барысында Қазақстанның оңтүстік шығысын жабайы алма мен өріктің орталығы деген болжам айтты.

(Жалғасы 2-бетте).

Көкжота шатқалындағы көктем мерекесі

(Соңы. Басы 1-бетте).

Кейін бұл болжам академик Аймақ Жанғалиевтің, сондай-ақ оның көптеген шетелдік әріптестерінің көп жылдық еңбегінің нәтижесімен Қазақстан «жабайы алмасы» (Сиверс алмасы) біздің ғаламшардағы алма өсімдігінің атасы екенін дәлелдеп растады.

«Біздің «Жоңғар Алатауы» МҰТП-нің территориясы 356 мың гектар, соның 4 мыңға жуық аумағын осы Сиверс алмасы алып жатыр,- дейді байырғы орманшы, табиғи парктің ғылым бөлімінің аға ғылыми қызметкері Саят Игембаев.-Теңіз деңгейінен 800 метр биіктікте Көкжота шатқалы орналасқан. Алма ағаштардың орташа жасы 50-ден асады, 100 жылдық ағаштар да бар. Ұзындықтары 6-8 метр болады. Жылда біз 30 гектар көлемінде сиверс алмасының аралық қалпына келтіру үшін ағаштар отырғызамыз. Жыл сайын үш филиалда 78-80 мың түп ағаш отырғызамыз. Ал Тополевканың өзінде ғана 12000-17000 мың түп ағаш отырғызамыз. Қызыл Кітапқа енгеннен кейін орманды қалпына келтіру мақсатында ғылыми-танымдық

бағытта ғана жұмыс жүргіземіз. Сиверс алмасының өзі дәміне, түсіне қарай 40 түрге бөлінеді. Бұл ағаштың гүлдену кезеңі сәуір айының 20-сы мен мамыр айының 20-сы аралығында болады. Былтырғы жылы ауа-райы қолайсыз болуына байланысты бұл байқау жоғарғы дәрежеде өтпеді. Биыл көріп тұрсыздар алмағаштар әдемі болып гүлдеп тұр.

Келесі кезекте жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту бөлімінің басшысы Жанарбек Молдахан жабайы жануарларды азықтандыру мақсатында биотехниялық іс-шаралар өткізетінін, сонымен қатар минералдық қоректендіру мақсатында тұздықтар дайындайтынын, орманшылық аумағында мекендейтін жануарларға санақ жұмыстары жүргізілетінін, жыл өткен сайын жабайы жануарлардың саны өсуі байқалып отырғанын сөзіне тиек етті.

Ал ғылым бөлімінің аға ғылыми қызметкері Жанар Нұрғожанованың айтуынша Сиверс алмасының ең көп мөлшері Жоңғар Алатауының солтүстік беткейінде орналасқандықтан паркте зерттеу, қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Тұқымбақта алма ағаштарды өсіріп, алма

ағаш көшеттерін гектарлап климаттық жағдайын ескеріп отырғызады.

Күншығыс елінде көктем мезгілін жапондықтар ерекше құрметпен қарсы алады. Мыңдаған қызғылт, күлгін, ақ түске боялған сақураның гүлдеуін Жапонияда жалпы жұрт болып ұлттық мереке ретінде тойлайды. Бұл мейрамды жапондықтар «Ханами» деп атайды. Жапон шиесінің бұл гүлдеуінің шарықтау шегі 22 наурызда болып, көктем иісіне толы керемет кезең бір аптаға, яғни 29 наурызға дейін созылады. Сиверс алмасының гүлдеуі фестивалі де келешекте жапон еліндегідей мыңдаған турист тамашалайтын көрініс болады деп сенім білдіреміз.

Іс-шара соңында барлық қатысушылар



естелік суретке түсіп, шатқалдан жақсы әсермен қайтты.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Мемлекеттік қызмет саласындағы маңызды бастама – жас түлектерге берілген мүмкіндік

Еліміздің жастары үшін мемлекеттік қызметке түсу нақты мақсат болуы керек. Талабы биік, ынтасы жоғары жастарға әрдайым жол ашық. Қазақстанның болашағын жаңа белестерге шығару үшін жастардың білімі мен кәсіби даярлығы үлкен маңызға ие.

Қазіргі қоғам мемлекеттік қызметшілерден қоғамдық мүдделерге әділ, адал қызмет етуін, өз күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін елдің дамуына жұмсауын күтеді. Мемлекеттік қызметте жұмыс жасау адамнан оны саналы тұрғыдан сезінуді, шын ынтасының болуын, ең бастысы – ниетінің таза болуын талап етеді.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың мемлекеттік қызметке кіруде артық кедергілерді жою және мемлекеттік қызметтен шығу тәртібін жеңілдету туралы тапсырмасына сәйкес, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңына бірқатар өзгеріс пен толықтыру енгізілді. Нәтижесінде, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурстық рәсімдерді өткізбестен тағайындалу құқығы бар тұлғалардың аясы кеңейтіліп, мемлекеттік қызметке кіру шарттары біршама жеңілдетілді.

Заң аясында оқу нәтижесі «жақсы», яғни GPA көрсеткіші 3,33-тен жоғары немесе 100-баллдық жүйе бойынша 85 балдан жоғары үлгерімімен грант бойынша білім алған жоғары оқу орындарының түлектерін бір жыл ішінде уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісе отыра аудандық және ауылдық деңгейдегі орындаушылық лауазымдарға тікелей қабылдауға болады.

1) облыс ауданының немесе облыстық маңызы бар қаланың әкімі және мәслихаты аппараттарының орындаушылық лауазымына;

2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыс ауданы және облыстық маңызы бар қала (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) атқарушы органының басшылық емес лауазымына;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшылық емес лауазымына;

4) орталық мемлекеттік органның облыс ауданындағы немесе облыстық маңызы бар қаладағы (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) аумақтық бөлімшесінің басшылық емес лауазымына орналаса алады.

Бұл білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандырып, жас мамандардың аудан мен ауылдық аймақтарға оралуына, сонымен қатар өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға септігін тигізіп, жастардың мемлекеттік қызметке тұру тетігін жеңілдетіп отыр.

2023 жылдан бері Жетісу облысында оқуды мемлекеттік тапсырыс негізінде, яғни грантпен аяқтап, бір жыл ішінде жергілікті және орталық атқарушы органдарға бос лауазымға конкурс өткізілместен 7 азамат жұмысқа орналасты.

Бұл салада жүргізіліп жатқан реформаның көздегені – мемлекеттік қызметшінің кәсіби-тұлғалық болмысын, осы арқылы мемлекеттік басқарудың жаңа мәдениетін жетілдіру.

Мемлекеттік және қоғамдық істерді басқару батылдықты, төзімділік пен жан-жақты ойластырылған сындарлы өзгерістерді жүзеге асыруды қажет етеді. Мемлекеттік қызметшінің басты міндеті – елдік мүддеге қызмет ету.

Мемлекеттік қызметте – білімді, алғыр, бастамашыл, инновациялық ойлай алатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру арқылы елге қызмет ету жолында жаңаруды жүзеге асыру арқылы өзгерістердің бастауы бола алатын жастарға әрдайым қолдау көрсету.

Б.ШАРИПОВА,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

Шаруа қожалықтардың назарларына!

Жетісу облысы Сарқан ауданының аумағынан «KEGOC» АҚ «Алматы ЖЭТ» филиалының теңгеріміндегі «Ақтоғай-Талдықорған» Ж-5400 500 кВ ӘЖ жоғары вольтті электр жеткізуші өуе желілері өтіп жатыр.

ҚР Оңтүстік өңірлерін үздіксіз электрмен жабдықтау мақсатында және ҚР Энергетика министрінің 28.09.2017 ж. №330 бұйрығымен бекітілген Электр желілері объектілерінің күзет аймақтарын және осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдаланудың ерекше шарттарын белгілеу қағидаларына сәйкес, желінің екі жағындағы шеткі сымдардан 30 метр ӘЖ күзет аймағында өсімдіктерді жағуға, шөптерді, сабандарды қаттауға тыйым салынатындығын ескертеміз.

Вниманию крестьянских хозяйств!

По территории Сарканского района Жетысуской области проходят высоковольтные электросетевые линии ВЛ «Актогай-Талдықорған» Ж-5400 500 кВ на балансе филиала «Алматинская МЭС» АО «KEGOC».

В целях бесперебойного электроснабжения южных регионов РК и в соответствии с Правилами установления охранных зон объектов электрических сетей и особых условий пользования земельными участками, расположенными в границах таких зон, утвержденными приказом Министра энергетики РК от 28.09.2017 г. №330, напоминаем, что в охранный зоне ВЛ 30 метров от конечных проводов по обе стороны линии запрещается сжигание растительности, укладка травы, соломы.

Гендерлік теңдік және әйелдер құқығы

Соңғы жылдары дүниежүзі бойынша әрбір мемлекеттің тұрақты дамуға қол жеткізу үшін қоғамда гендерлік теңдік орнату және төзімділік мәселелері өзектілене түсті. Әйелдер қозғалысы барлық елдерде қоғамдық-саяси сипатталып, өз ықпалын күшейтуге бағытталды. Олар гендерлік әділеттілік қағидасын басты ұстаным ретінде басшылыққа ала отырып, мемлекет пен қоғам өміріндегі әйелдер мен ерлер рөлінің арақатынасын теңестіруді мақсат етеді. Бұл, әсіресе, билік саласындағы қатынастарды қамтиды. Сол себепті, саяси билік жүйесінде гендерлік теңдікті қалыптастыру мәселесі әйелдерге деген дәстүрлі көзқарастарды қайта қарап, прогрессивті заңдылықтарды ескеруді талап етеді. Жалпы, әйелдердің құқық қорғау мәселесі тарих барысында қоғамдағы әйелдерге деген көзқарас, күш көрсету, құқығын таптау, ер адамға бағыныштылықта ұстау сияқты мәселелерге жауап ретінде көтерілген мәлім. Біртіндеп әйелдердің проблемасын заң жолымен шешу тәжірибесі қалыптасты.

Гендерлік теңдік адам құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Дүниежүзі халқының жартысын әйел заты құрағанымен, қоғамда толыққанды тепе-теңдік орнауы үшін алда біраз белесті еңсеруге тура келеді. Өйткені әлі күнге дейін гендерлік теңдікке қол жеткізу, әйелдердің құқығы мен мүмкіндіктерін арттыру әлемдік проблема болып тұр. Қазақстанның Конституциясы адамды жынысына қарап кемсітуге тыйым салады. Соңғы 14 жылда осы бағытта бірқатар стратегия мен заң қабылданды. Атап айтсақ, 2006-2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының гендерлік теңдігі стратегиясы әзірленіп, 2009 жылы ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заң қабылданды. Бұған қоса 2016 жылы Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы жарияланды. Гендерлік тепе-теңдік пен адам капиталын дамытуға, отбасы құндылығын нығайтуға бағытталған осындай бастамалар жиі жүзеге асырылып жатқанымен, әлі де болса қоғамда аталған мәселе шешімін таппай отырғаны рас. Жалпы, қазіргі кезде қоғамның барлық саласындағы жұмыстарға әйелдердің араласуы үйреншікті жағдайға айналған. Яғни, жұрт жұмыстың қай кездеседі, «ердің күші, әйел ісі» деп қарап жатпай, кірісіп кетеді. Осыдан келіп отбасын асырау міндетін әйелдер де мойнына алып, жауапкершілік жүгін ерлермен теңдей көтереді. Бірақ қашаннан шаңырақтағы жылылықтың ұйытқысы болып келген әйел затының үй ішіндегі орны лайықты бағаланбай, кемсітуге тап келетін жағдайлар да кездеседі. Сондықтан күйеуінен теперіш көріп жүрген әйелдің қоғамдағы теңдігінен бұрын отбасында мендігін қалыптастыруды жиі насихаттаған дұрыс. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетіп, айналасын үйлестіріп, жарастырып отырған әйелдің өзіне тең дәрежеде, зор құрметпен қараған абзал. Алыс-жақын ағайынды, көрші-қалаңды тату ету арқылы қоғамның ынтымағын сақтауда, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуде әйелдің ерекше орнын білу – қазақта бұрыннан бар идеология. Тек осы құндылығымыздың құрып кетпеуіне жол бермеген жөн.

А.КУЛЬЖИГИТОВА,
Сарқан аудандық сотының бас маманы.

«Наурыз» тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды

Өтініштер «Баспана маркет» порталында сәуірдің 25-і мен маусымның 30-ы аралығында қабылданады. Бағдарламаға барлық қазақстандықтар қатыса алады. Оған әлеуметтік осал топтың өкілдері, жұмыс істейтін жастар, жас отбасылар, тұрғын үй төлемдерін алушылар, «Отбасы Банкінің» салымшылары жатады.

«Наурыз» бағдарламасының шарттарына тоқталсақ, бастапқы жарна 20 проценттен басталады. Тұрғын үй кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал тобының өкілдеріне 7 процентпен беріледі. Ал азаматтардың барлық санатына несие 9 процентпен есептеледі. Несие мерзімі 19 жылға дейін беріледі. Бағдарламаға қатысушылардың және оның отбасы мүшелерінің соңғы 5 жылда баспанасы болмауы тиіс. Алматы және Астана қалаларында, облыс орталықтарында бұрын қолданыста болмаған жаңа баспана ұсынылады. Ал басқа өңірлерде, яғни аудандар мен моноқалаларда, елдімекендерде бастапқы және қолданыстағы баспана алу мүмкіндігі беріледі», - деді облыстық Отбасы Банк филиалы директорының орынбасары Қуандық Нұрғалиев.

Айта кетейік, «Наурыз» ипотекасының басқа тұрғын үй бағдарламаларынан басты айырмашылығы – салымшының депозит мерзіміне қарамайды. Яғни, бүгін депозит ашып, ертең бағдарламаға қатысуға болады. Тек бір ескеретін жайт, депозитте кем дегенде 1 млн теңге болуы тиіс.

Қатысушылар бастапқы тұрғын үйді

Орман билетін есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидалары 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 13-бабы 1-тармағының 18-28) тармақшасына сәйкес әзірленді және ағаш кесу билеті мен орман билетін есепке алу, сақтау, толтыру және беру тәртібін анықтайды.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланудың: 1) сүрек дайындау; 2) шайыр, ағаш шырындарын дайындау; 3) қосалқы сүрек ресурстарын дайындау; 4) жанама орман пайдалану (шөп шабу, мал жаю, марал шаруашылығы, аң шаруашылығы, ара ұялары мен омарта орналастыру, бау шаруашылығы, бақша шаруашылығы, бақ шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, дөрілік шөптер мен техникалық шикізаттар, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер мен басқа да тағамдық өнімдер, мұк, орман жамылғысы мен түскен жапырақтар, қамыс дайындау мен жинау); 5) мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажеті үшін пайдалану; 6) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаты үшін пайдалану; 7) мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалану; 8) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану тәртіпін жүзеге асырылуы мүмкін.

Орман билеттерінің бланкілерін алдағы жылға ағаш кесу мен орман билеттері бланкілерінің жалпы қажеттілігін анықтайтын уәкілетті органның ведомствосы аумақтық бөлімшелерінің өтінімдері негізінде орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы дайындайды.

Орман билеттерінің бланкілері беті басылған тормен көмкерілген өрнекті қағазда нөмірлері мен әріптік сериялары көрсетіле отырып, мемлекеттік және орыс тілдерінде басылады. Басылған бланкілер әрқайсысы кітапша түрінде жеке 25 жиынтықтан көбейтіледі.

Аумақтық органдар орман билеттерінің бланкілерін алатын мемлекеттік орман иеленушілер олардың есебін жүргізеді және жылдық есеппен бірге ведомствоға ағаш кесу мен орман билеттері бланкілерінің кірісі мен шығысы туралы есеп береді, сондай-ақ осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес есепті жылдан кейінгі жылға оларға қажеттілікті мәлімдейді.



Биыл мамыр айынан бастап елімізде тағы бір жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Бұл жайлы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайда жариялады. Бағдарламаны жүзеге асырушы - «Отбасы Банк». Ипотеканың талаптары мен ережелері туралы облыстық «Отбасы банкі» филиалының өкілдері Өңірлік коммуникациялар қызметінде айтып берді.

«Баспана маркет» порталында өзі таңдай алады. Мұндай ерекшелік ең алдымен тұрғын үй бағасын негізсіз өсіруге жол бермеуге бағытталған.

«Алматы, Астана қалалары бойынша берілетін несие сомасы 36 миллион теңге. Ал, басқа өңірлерде, сондай-ақ, Жетісу облысында 30 миллионға дейін беріледі. Баспана бағасы тұрақты болуы үшін біз өтінімдерді «Баспана маркет» порталы арқылы қабылдаймыз. Құрылыс компаниялары біздің порталға өтінім тастайды.

Одан біз бәрін қадағалап, қарап отырамыз», - деді бизнесті дамыту бөлімінің басшысы Мұрат Булегенов.

«Наурыз» жаңа тұрғын үй бағдарламасы 8 жылға негізделген. Осы уақыт аралығында еліміздің 68 мың азаматын тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарлануда. Биыл республика бойынша бұл бастамаға 300 млрд. теңге көлемінде қаражат қарастырылып, 12 мың қазақстандық бағдарлама аясында пәтерге ие болады деп күтілуде.

Орман билетін есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидалары

Орман билеттерінің бланкілерін есепке алу және сақтау

Орман билеттерінің бланкілері қатаң есептілік бланкілері болып табылады және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен есепке алынуға және сақталуға жатады.

Аумақтық орган бланкілер алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде олардың жергілікті атқарушы органның қарауындағы мемлекеттік орман иеленушілерге берілуін қамтамасыз етеді. Ағаш кесу мен орман билеттерінің бланкілерін бере отырып, аумақтық орган босатылған бланкілер санына екі дана етіп жүк құжатын жазады, олардың біреуі алушы – мемлекеттік орман иеленушіге беріледі, ал екіншісі аумақтық органның іс қағаздарында қалады.

Орман пайдаланушыларға нақты берілген және бүлінген ағаш кесу мен орман билеттерінің бланкілерін мемлекеттік орман иеленушінің есебінен шығару осы бланкілердің кірісі мен шығысы туралы есептің негізінде жүргізіледі. Орман пайдаланушыларға беру үшін жұмсалған ағаш кесу мен орман билеттерінің бланкілерін мемлекеттік орман иеленуші шығысқа - қатаң есептілік бланкілерін есепке алу кітабында нөмірлерін, берілген күнін және олардың нақты кімге берілгенін көрсете отырып, билеттің әрбір жиынтығын жеке-жеке шығарады. Бүлінген бланкілер бір бұрышынан екіншісіне қиғаш сызық тартылып, Қатаң есептілік бланкілерін есепке алу кітабы бойынша шығысқа шығарылып, жеке папкада сақталады.

Орман билеттерінің бланкілері сейфтерде, темір шкафтарда немесе құлып салынатын темір жәшіктерде сақталады. Бланкілер сақталатын сейфтер, шкафтар және жәшіктер құлыпталып, оларға бланкілердің сақталуына және жұмсалыуына жауапты адамда сақталатын мөр басылады.

Орман пайдаланушылармен барлық есеп айырысу аяқталғаннан кейін орман билеттерінің үшінші данасы сақтау және Қатаң есептілік бланкілерін есепке алу кітабына олардың пайдаланылуы туралы белгі қою үшін мемлекеттік орман иеленушінің бухгалтерлік есеп қызметіне

тапсырылады.

Бухгалтерлік есеп қызметі орман билеттері бойынша есеп айырысулардың аяқталғанын тексеріп, осыдан кейін оларды сақтауға қабылдайды. Бухгалтерлік есеп қызметі сақтауға қабылдап алған ағаш кесу мен орман билеттері нөмірлер ретімен "20__ жылғы ағаш кесу мен орман билеттері" деген атаумен арнайы іске тігіледі.

Жыл аяқталғанда бланкілерді есепке алу кітабында ағаш кесу мен орман билеттерінің қалдығы есептен бөлек шығарылады. Аяқталған жылдың соңындағы бланкілердің қалдығы келесі жылға көшіріледі.

Орман билеттерінің бланкілерін толтыру және беру

Орман билеттері бірдей нөмірі бар үш данада толтырылады: біріншісі – орман пайдаланушыға беріледі, ол оны орман пайдаланудың аяқталуына дейін сақтайды және мемлекеттік орман иеленушінің, ведомство мен оның аумақтық органдарының лауазымды тұлғаларының, ормандарды мемлекеттік бақылау органдары мен табиғат қорғауды бақылау органдары өкілдерінің талап етуі бойынша көрсетеді; екіншісі – орманшылыққа жіберіледі, ол учаске беру, орман пайдалануға рұқсат беру үшін негіз болып табылады және орман күтуші оны куәландыру актісімен бірге мемлекеттік орман иеленушіге тапсырады; үшіншісі – мемлекеттік орман иеленушіде қалдырылады.

"Орман билетін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік орман иеленушілерге осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне не www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүргінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет стандартында

ГОСУДАРСТВЕННЫЕ БОЛЬНИЦЫ ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ ИСПОЛНИЛИ ПРЕДПИСАНИЯ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ОРГАНА

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу завершил мониторинг деятельности центральных районных больниц. Цель мониторинга - проверка соответствия их деятельности законодательству о конкуренции.

Было установлено, что уставные виды деятельности центральных районных больниц не соответствуют положениям Постановления Правительства РК от 28 декабря 2015 года №1095 и требованиям статьи 192 Предпринимательского кодекса. В связи с этим, Департамент вынес ряд предписаний для приведения уставных видов деятельности в соответствие с антимонопольным законодательством.

На данный момент все предписания выполнены, что обеспечивает соблюдение принципов честной конкуренции и предотвращает монопольное доминирование в сфере здравоохранения региона.

Телегетай бабамызға арнап ас беру биыл Жетісу облысындағы баба ұрпақтарына тиесілі.

Мамырдың 4-інде Алматыда "Сұлтан" мейрамханасында оңтүстік Астанадағы белсенді ағайындар өкілдері сарқандық "Бабалар рухы" қорының алқа құрамымен жүздесіп, алдағы ауқымды міндеттерді сарапқа салды.

Жиынды халықаралық Қаптағай қорының төрағасы Сабыр Қадырұлы ашып, бастамашыл топтың атынан "Бабалар рухы" қорының жетекшілері Қадыр Абдрахманов, Жанат Мұқашев қорға түскен алғашқы қаржы көлемімен, ұйымдастыру жұмыстарының барысымен таныстырды.

Дастархан басында абыз ақсақалымыз Аманғазы Шегіров Жетісулық делегация тарапынан 2012 жылы бабамыз рухына арнап берілген астың нәтижесін әңгімесіне арқау етті. Ағаның көшбасшылығымен Жаңақорғаннан кесенеге бастап баратын жол күйі жақсарғаны, киелі мекеннің айналдасын абаттандыру мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылғандығы, шырақшыға трактор табыс етілгендігі күні кешегідей ойымызға оралды. Сол сапардың айғағы іспетті жарық көрген кітапта ұлы мақсатқа үлес қосқан жекелеген адамдар мен ұжымдар тізімі берілген, атаулы мәдени іс-шаралар атап көрсетілген, баба рухына арналған мүшәйрада оқылған өлеңдер хатқа түскен.

Реті келгенде бабамызға арналған



АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

жыр-лебізімізді оқыдық. Иісі Найман әулетіне нәр беріп, аңызға айналған Ақсұлу (Әлпеш) анамызға өлеңнен ескерткіш соғумен шектелмей, алтынмен аптап, күміспен күптеп ескерткіш орнатса да артық болмайтынын жеткіздік.

Басқосуда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі актер ағамыз Саят Мерекеұлы баба өмірінен қойылым дайындау, оған қатысатын өнерпаздарды Жаңақорғанға жеткізу мәселесін қозғаса,

сөз алған ағаларымыз Қайнар, Болатхан, Жәлел Сасанбаев, Серікқали Жаманбаев, Жанат Тұңғышбаев, Жанат Тойшыбеков ортақ мақсатқа қосатын үлестерін саралап, биылғы қыркүйектің 28-іне жоспарланып отырған астың нәтижелі өтуі үшін ұтымды ұсыныстарын ортаға салды.

Бұған дейін бабамыздың рухына арналған қорға 1 000 000 теңгеден үлес қосқан Абдрахмановтар, Тұңғышбаевтар, Молдияр Нұрбаев әулеттерінің бастама-

сы кеңінен қолдау табуда. Атап айтқанда Серікқали Жаманбаев 350 000 теңге, Қайрат Бершинбетов 200 000 теңге, Жәлел Сасанбаев, Сембай Шатырбаев, Ерік Мұхамедияров, С.Сайлаубек 100 000 теңгеден, Берікбол Атагузин, Кеңес Сердалинов 50 000 теңгеден, С.Искаков 10 000 теңге аударды. Ұрпақтары белсенділік танытқан қордың қоржыны уақыт оздырмай толығы түсеріне сенеміз.

Ж.МАҚАТҰЛЫ.



ӨЛПЕШ анамыз - бүкіл найманның анасы. Әлпеш ана бүкіл қазақ ұлтының әйгілі аналарының құрметті тізіміне де енген. Ол туралы әпсана ел аузында.

Дұшпан жолын тауып Найман еліне жойқын шабуыл жасапты. Тұтқиылдан тиген жау еркек кіндіктіні тұқымын қалдырмай қырып, қарт Найманның төрт ұлын көз алдында өлтіріп кетіпті. Найманның Тоқбан ұлының Әлпеш (Ақсұлу, Мәзбура деп те айтылады) деген келіншегі жесір қалады. Әлпеш үйсін Дулат бидің қызы болса керек. Шабылған әулет пен қорғансыз қарт Найманның ауыртпалығы енді Әлпештің иығына түседі. Сол үміт жетегімен Әлпеш төркін жұртына барып, туысқан сіңлісі Гүлшені Найманға айттырып алып қайтады. Гүлше бір ұл табады. Бұл кезде Найман шаңырағының бас иесі болып отырған Әлпеш алты алаштың басын қосып, ақ түйенің қарынын жарып, ұлан-асыр той жасайды. Осы тойда үйсін Дулат би: «Найман – қаны араласқан қадірлес құдам еді, мына нәресте артында қалған белгі ғой, атын Белгібай қояйық» дейді. «Балаға ат қою жолы біздікі еді, Найман атамның Тәңірден өкіріп жылап жүріп тілеген баласы ғой, атын Өкіреш қоямыз», – деп арғындар да тілек білдіреді. Қазақтың бүгінгі қалың рулы елінің болашағына осылайша Әлпеш ана сеп болып, әулетіне ұйытқы болыпты. Найманның кіндігінен тараған ұрпақ жиырмашақты ауыл болғанша «жат болып кетпесін» деп, енші бермей, малжанын ортақ ұстатыпты дейді. «Байдың малы ортақ болсын, батырдың жаны ортақ болсын, шебердің қолы ортақ болсын, шешеннің тілі ортақ болсын, балуанның күші ортақ болсын, біреуге біреу зорлық жасамасын!» деген өсиет осы Әлпеш анадан қалыпты деген сөз бар.

Шайхыбасар ҚОЖБАНҰЛЫ.
Ұлытау облысы.

Алдиярым, асқағым!

Абыз баба,
Аңыз баба, киелім,
Бісміллесін лебізімнің бастадым.
Тәу етемін, рухыңа бас иемін,
Алдиярым, түп-негізім, асқағым!

Өрлігіңе өте алмаймыз танданбай,
Ерлігіңді көз алдыма келтірдім.
Төрт құбылам түгелденіп қалғандай,
Ұрпақтары бас қосқанда төрт ұлдың.

Миллион қазақ бір өзіңнен тараған,
Төртеу түгел – келері анық төрдегі.
Әулиеге төңірегі балаған,
Қылышты Ата қыз бергені – сенгені.

Тәуелсіздік – төңір сыйы ерекше,
Тәуба, тәуба... Ашық, міне, аспаным.
Көш бастаған көсемдігің емес пе,
Ескерулі, елеулі боп жатқаның.

Өзің жақтан керім самал тарады,
Сезілгені осы емес пе нұр-лебің.

Алты ғасыр бөлсе дағы араны,
Ұрпағыңды қолдап, қоршап жүргенің.

Өсті деген осы емес пе өркені,
Қалың Найман
Сырға бұрдық ат басын.
Бабаң бары қандай жақсы еңселі,
Алла, елімді тексіздіктен сақтасын!

Әулетіне әр берген әулие ана

Тәуелсізбін, қол жетті басты арманға,
Жан сырынды не жетсін ақтарғанға.
Өз әжеміз Ақсұлу ойға оралды,
Телегетай бабамды еске алғанда.

Рулы елдің басынан азалы мұң,
Арылса деп танытқан даралығын.
Анамызды Әлпеш деп әспеттеген,
Ұлы халқым, бұл нағыз даналығың.

Игі істен мен қалай сырт қаламын,
Жария етпей тегімнің құт қадамын.
Өркен жайып желкілдеп өнгеніміз,
Ақылыңыз, Өз Ана, жұртқа мәлім.

Нардың жүгін арқаға артып едің,
Тәуекелдің түсінді нарқын елің.
Келген жердің үміті үзілмесе,
Қиылмаса өркені – бар тілегің.

Өмеңгерлік маңдайға жазылғаны,
Кемеңгерлік қасиет танылғаны.
Сізден үлгі, Өз Ана, алғаны анық,
Алтын құрсақ қазақтың арулары.

Жаралғалы жұмыр жер, ақиқ аспан,
Кімдер өсіп-өнбеді топырақтан.
Қаракерей
Мұрын мен Матай Қызай,
Әйелзаты еркектен ақылы асқан.

Шаңырақтың шырағын
жаға алмасаң,
Қиындықтан шығар жол
таба алмасаң.
Әлпеш анам, біз де анық
болмас па едік,
Бабамыздың бағына жаралмасаң.

Жақсылардың осындай
жалғасы едік,
Аңыз еміп өскенбіз таңға серік.
Әулетіне әр берген әулиеміз,
Анамызды өтеміз хан көтеріп.
Жомарт ИГІМАН.



Екі дүркін Азия чемпионы

Жуырда Астанада жастар Жарасында бокстан Азия чемпионаты өтіп, байрақты бәсекеге 26 мемлекеттен 500-ден астам былғары қолғап шеберлері қатысты.

Аталмыш жарыста жетісулық спортшымыз Аяжан Сыдық ақтық сында үздік нәтиже көрсетіп, үндістандық спортшыны айқын басымдылықпен жеңіп, екі дүркін Азия чемпионы атанды.

Айта кетейік, Аяжан Сыдық Арменияның Ереван қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы 2023 жылғы әлем чемпионатының алтын жүлдесін иеленген болатын.

Әлем чемпионы туып-өскен Көктерек ауылында шағын футбол алаңы пайдалануға берілді. Мен осы стадионның ашылу салтанатына қатысып, жас футболшылар коман-



дасына спорт формасы мен доп сыйлап, Аяжан қызымның жерлестерінің болашақ жеңістеріне сәттілік тіледім,-дейді Көктеректің суын

ішкен алматылық меценат ағамыз Серікқали Жаманбалин.

Өз тілшіміз.

Майдангер атындағы турнир



Мамырдың 10-ында Қойлық ауылының стадионында МҰОС ардагері Мерекенов Тайболаттың 100 жылдығына орай шағын футболдан ардагерлер арасында ашық турнир ұйымдастырылды. Бейбіт күннің шырайы сол күні ашық болды. Стадионға жиналған ауыл тұрғындары мен ауылдан көшіп кеткенмен туған жерден тамырын үзе алмаған жерлестер бір-бірін көріп, амандық-саулық сұрасып, жаңалықтарымен бөлісіп мамыражай күй кешті.



Ұрпақтары есімін ұлықтап отырған Тайболат ағамыз Ұлы Отан соғысының ардагері, III және II дәрежелі «Даңқ» орденімен, екі мәрте «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін» медальдарымен, «Ұлы Отан соғысы» орденімен және Ұлы Отан соғысының мерейтойлық медальдармен бірнеше

мәрте марапатталған. Соғыс кезінде аттылы барлау взводының командирі, гвардия старшинасы болған. Майдангердің ұрпақтары бүгінгі таңда еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, әулеттің жеңісті жолын жемісті жалғастыруда.

Ашық турнир аудан әкімдігінің

қолдауымен, майдангер ұрпақтарының бастамасымен ұйымдастырылып, тартысқа толы жарысқа 6 ардагерлер командасы қатысты.

Ашылу салтанатының алғашқы сөзін аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев бастады. "Сұрапыл соғыста қанша қазақстандық жауынгерлер елім-жерім деп қаза болды. Ардагерлеріміздің қанкешті соғыста көрсеткен ерліктері бүгінгі және болашақ ұрпаққа үлкен рухани мұра. Еліміз аман болып, соғыс ешқашан болмасын деп тілейміз. Жарысқа қатысушыларға сәттілік!", - деді аудан басшысы.

Турнир қорытындысы бойынша Қарабөгет ауылының командасы үздік атанып бірінші орынды жеңіп алса, екінші орын бақалықтарға бұйырып, үштікті "Қазақфильм" командасы еншіледі.

Бұдан бөлек, жақсы ойын көрсете білген бірқатар футболшылар үздік қақпашы, үздік қорғаушы және үздік шабуылшы номинацияларымен марапатталды.

ҰОС ардагері Тайболат Мерекеновтың перзенті, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Тасболат Мерекенов майдангер әкесін еске алуға қолдау танытқан Болат Рахметқалиев, Қанат Маманбаев сынды бір топ ардагерлерге Армия генералы Сағадат Нұрмағанбетов атындағы мерекелік медаль табыс етіп, жарысқа қатысқан азаматтарға алғысын білдіріп, жүлдегерлерді ақшалай сыйлықпен марапаттады.

Сарқан-Ақпарат.

Адамның бір қызығы — бала деген

"Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Екіншісі білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дейді". Бұл хәкім Абайдың сөзі. Осы екі типтегі баланы қайтсек адам қылмақ керек?

Әке қашанда балаға сыншы. Құнанбайдың өзі Абайға сыншы болған. Абайдың ыстығы көтеріліп ауырған кезде Құнанбайдың "Абайжанның бар қуаты ішінде еді, сыртына шығыпты. Ешкімге көрсетпедер" деп айтатын сөзі бар. Семейдегі Ахмет Риза медресесіне оқуға бергенінде "Не күтсеңдер де, мына жаман қарадан күтіңдер" дейтіні де оның сыншылығына мысал бола алады.

Шындығында баланың мінез-құлқын, бейімін тану — үлкен іс. Бұл баланың келешектегі бағыт-бағдарын анықтамаққа керек. Біз мұны қазір туғанынан көз алдында өсіп, күнде көріп жүрген ата-ана емес, мұғаліміне немесе өмірі көрмеген, танымайтын психолог деген мамандарға тапсырып қойдық. Әрине, олардың кеңесі керек емес деген сөз жоқ. Бірақ, оны әкесі мен шешесіндей кім таниды? Ата-анасындай кімнің балаға жаны ашиды? Баланың қандай күйде жүргенін психолог білетіндей көреміз.

Сыншы дегені сынау емес, тану екені түсінікті. Баланың бейімін танымасақ, музыкаға бейім баланы спортқа, оқуға бейім баланы әнге әуес қылуға қинап, оның әуелдегі қызыққан дүниесіне ұмтылысын мұқалтып аламыз. Барлық бала оқуға бейім бола бермейді. Біреуі шаруаға, біреуі басқаға бейім болады. Кеңес кезінде бейіміне қарай кейбір жігіттерді шаруашылық басқаруға малдың айналасына жіберсе, кейбірін университетке түсіп ары қарай ғылым жолында ізденуге жағдай жасалды. Тәрбие отбасынан басталады деген сөзді барлық ұлы адамдар зерттеп, дәлелдеген. Психолог әрі жазушы В.Сухомлинский тәрбиені отбасы жағдайын зерттеуден бастайды. Ол баланың сабақ үлгерімінің жақсаруымен қоса денсаулығының мықты болуына, ой-өрісінің кеңеюіне көңіл бөлді және балалардың 3-4 сыныптарға дейін бірқалыпты, тәртіпті болып келіп, 4-сыныптан кейін бастайтындығын түсіндірді. Ересек кезең — бала тәрбиелеудегі ең қиын кезең екендігін айта келіп, ата-аналарды балалармен сырласуға шақырады.

А.С.Макаренко: «Тәрбие — баламен сөйлесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие — тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде», — деген ғой. Баланы жас кезінен бастап сыйлап, қадір-қасиетін, ар-намысын бағалап, дұрыс сөйлеп, дұрыс қарым-қатынас жасаған абзал. Жастайынан еңбектену әдет-дағдыларын қалыптастырмау, баланың жан дүниесіне көңіл аудармау, отбасындағы ажырау және жаңа адамның отбасы мүшесі болып кетуіне себеп болады. Мысалы: зерттеулердің қорытындысы дәлелденгендей, тәртібі нашарлаған оқушылардың көбі ата-аналардың моральға жат қылықтарымен өз балаларына теріс әсерлер жасаған.

Ата-бабаларымыз әдептілігімен, өнерпаздығымен отбасы мүшелерінің бір-біріне деген өзара достық қарым-қатынасымен, ерен еңбегімен балаларына үлгі өнеге көрсеткен. Тілі енді шығып келе жатқан нәрестенің тәрбиесіне зор мән беріп, «Бала — біздің болашағымыз» деп қарауы болашақ ел ұрпағының жақсы адамзат болып өсуіне зор ықпалы тигізеді анық. Сондықтан отбасы мүшелері арасында жақсы қарым-қатынас жасөспірімнің келешекте мәдениетті, парасатты азамат болып қалыптасуына үлкен әсер етеді.

С.КАБДЕНОВА,

Н.Островский атындағы мектеп-лицейі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



Аналар күнінің құрметіне

2024 жылы Аналар күні мерекесі елімізде алғаш рет атап өтілуде. Бұл мереке 12 мамырға тұспа-тұс келіп тұр. Аналар күнін мерекелеу аналардың мәртебесін нығайтуға, ана болудың маңыздылығын және қазіргі қазақстандық қоғамдағы аналардың рөлін арттыруға, қазақ халқының тарихындағы аналардың рөлін танымал етуге ықпал ете отырып, оң әлеуметтік әсер күтеді.

Өз сөзінде ҚР Президенті Қ.Қ.Тоқаев «Дана халқымыз қашанда анасын ардақтап, аруларын сыйлай білген. Бұл ежелден қанымызға сіңген асыл қасиет» деп атап өткен болатын. Ананы қорғау-мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының басым міндеті. Өсемдік пен әдеміліктің, сұлулықтың символы аналар күні мерекесінің қашан да орны ерекше, мәні бөлек. Өйткені, жер бетіндегі жақсылық, ізгілік пен ұлылық атаулының бәрі де ананың ақ сүті мен ақ ниетінен тарайды. Ана - жарқын істердің бастаушысы, ырыс пен ынтымақтың алтын діңгегі.

Жуырда «Жанұя» отбасын қолдау орталығында аналар мерекесіне арналған «Ашық есік» күні өтті. Аудандағы көп балалы, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» белгісі бар аналар шақырылып қатысты. Орталықтың заңгер мен психолог мамандарына жүгініп көкейіндегі сұрақтарға жауап алды. Орталық басшысы ақ жаулықты аналарды, аяулы арулар мен қыз-келіншектерді мерекемен құттықтап, дендеріне саулық, отбастарына амандық, көңілдерінің үстем болуына тілектестігін білдірді. Сондай-ақ, аудандық мәдениет үйінің әсем үнді өншілері әуелете ән шырқап, көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады.

«Жанұя» отбасын қолдау орталығы.

Какова связь математики повседневности

Для развития математической грамотности учащихся и развития, умения анализировать, синтезировать, абстрагировать в учебной программе по математике множество тем. Но можно выделить среди них в программе 9 класса темы «Последовательность», «Прогрессия», «Комбинаторика». При изучении этих тем для преодоления трудности объяснения учащемуся, учителю необходимо самому глубоко проанализировать материал для определения приоритетных задач для поиска доступных путей понимания учащихся. Учителю будет необходимо суметь активизировать воображение учащихся. Предложить им примеры из повседневной жизни, окружающей среды. Возьмем к примеру тему «Последовательность». При изучении этого материала учитель должен добиться того, чтобы учащиеся сами нашли закономерность последовательности, его главное звено, предмет последовательности.

Для этого учитель интонационно выделяет основное звено закономерности при подаче материала для того, чтобы выработать внимание, логический расчет у учащихся.

При опросе учащихся выясняется, что ученики в соответствии своими интеллектуальными, психологическими особенностями, предложат свои варианты ответа. Разумеется ответы будут разными. Вот тут –то завяжется интересная дискуссия между учащимися. Можно разделить на группы в соответствии с ответами. И дать возможность самим ответить на вопрос-где главное звено, плавно перейти к поиску ответа предмета последовательности и закономерности.

При изучении темы «Комбинаторики» ученики должны найти связь с вероятными событиями повседневной жизни, вычислить математические развитие события, логическую связь между цифрами и действиями. Для этого учитель должен при подаче материала заставить учащегося в полном объеме в своем сознании предоставить теоретический материал, переложив в своем воображении на реальные события повседневности.

Как учитель может добиться этого? Опять таки он должен найти способ подсказать учащемуся обратиться к опыту использования современного технического материала. Такой подход даст возможность самому ученику сделать следующий вывод: насколько необходима математическая грамотность в решении реальных проблем в жизни.

Ажар ЕСКЕНДИРОВА,
учитель математики Екиашинской средней школы.

Тұлғасы патша мінез Парасаттың

Бір адамның көп арасындағы елеусіз қарапайым қалпынан жылдар озған сайын ұлылық биігіне көтеріліп, халқының жүрегінен азаматтық орнынын ойып алары сөзсіз. Қазақ елі осындай құрметке лайық әрі шынайы естелікке толы тұлға – қазақ журналистикасының кемеңгері, көрнекті жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімжан Қазыбаевтың 95 жылдығын атап өтуде.

Киелі Бақалы топырағынан шыққан қыран ұлы Кәкімжан ағамыздың халық жүрегінен орын алғаны ақиқат. Ол қатардағы журналистен қаламы қуатты жазушыға, қатардағы коммунистен Қазақстан Компартиясы орталық комитеттің хатшысына дейін көтерілген дарынды талант иесі. Қазақтың көрнекті қоғам қайраткері, жазушы К.Қазыбаевтың ұшқыр қаламынан екі роман, бірнеше повесть, оннан астам әңгімелер туды. Сонымен қатар күнбе-күнгі өмірдің өзекті мәселелері туралы көсемсөздері мен көркем очерктері өз алдына бір төбе. Халқына қалтқысыз қызмет еткен, артына рухани мол қазына қалдырған К.Қазыбаев атын әр кез есте сақтау үшін жерлестері, ауыл тұрғындары, жазушының атына берілген мектеп ұжымы жыл сайын жазушының туған күнін атап өтеді.

Сәуір айында К.Қазыбаевтың 95 жылдық мерейтойына орай мектебімізде «Тұлғасы патша мінез Парасаттың» тақырыбында онкүндік өтті. Мұражай жетекшісі Н.Нашенова оқушыларды жазушының өмірі мен шығармашылығы жайлы мағлұматтармен таныстырып шықты. Онкүндік барысында «Қаламгер-қайраткер К.Қазыбаев» интеллектуалды танымдық жарыс, "К.Қазыбаевтың туғанына - 95 жыл» дөңгелек стол, әдеби-сазды кеш жұмыстары іске асырылды. «Ісі өнегелі, есімі ардақты азамат» атты оқырмандар конференциясы өткізілді. Конференцияға қатысқан қаламгердің оқырмандары, жақын туыстары жазушы жайлы естеліктерімен бөлісіп, шығармаларындағы көтерілген тақырыптардың халқымыздың басынан кешкен небір қиын-қыстау кезеңнің шындығын, елі үшін өз өмірін қиған қазақтың талай азаматтарының өмір шындығын таныта білді.

Таза талант, елден ерек бір өзі,
Хатқа түсті бар болмысы, мінезі.

Ерте тұрып, кеш қалмасын халқым деп,

Соғатұғын атамыздың жүрегі,- деп жерлес ақын Ж.Игіман ағамызды жырлағандай, таза талант иесі, шын мәнінде білімді, парасатты, халықтың игілігі үшін бүкіл қабілет-қарымы мен қаламгерлік қайратын аянбай жұмсаған дарын иесі, жаны жайсаң азамат К.Қазыбаевтың есімі ел есінде қалары анық.

Н. АБДРШИНА,
К. Қазыбаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі.

Интернеттегі балалар қауіпсіздігі – ата-аналарға арналған кеңестер

Қазіргі таңда көптеген балалардың қолынан смартфон түспейтіні белгілі. Ал, ата-ана баласының телефонын не үшін қолданып жүргенін біле ме? Қалай бақылауға болады? Ата-аналар үшін баласымен телефон арқылы сөйлесіп отыру ыңғайлы. Алайда, телефонмен ойнауға, интернетте, әлеуметтік желілерде отыруға немесе youtube-тан түрлі видео көруге болады. Сонымен қатар, бала телефон арқылы ересектерге арналған контентке бақылаусыз қол жеткізеді немесе әлеуметтік желілердегі «өте нашар» топтарға қосыла алады. Тіпті, қазір балалардың номерін анықтап алып, түрлі зиянын тигізетіндер де бар.

Яғни, бұл тақырыпқа көзді жұмып қарауға болмайды. Мәселені шешу үшін – «ата-аналық бақылау» жасауды меңгеріп алыңыз.

Телефондағы «ата-аналық бақылау» дегеніміз не? Бұл – телефонның балаға теріс әсерін төмендету және ғаламторға қолжетімділікті шектеу мақсатында бағдарламалық жүзеге асырылған ережелер жиынтығы. Ол смартфонға шектеулер қояды, баланы бақылау үшін көптеген пайдасын тигізеді және неғұрлым сауатты тәрбие жүргізуге мүмкіндік беретін ұялы тыңшы болуы мүмкін.

Шектеу енгізілген соң бала өзінің жас санатына ғана арналған ойындарды жүктей алады. Үлкен балаларға арналған ойындар смартфонда көрінгенімен, оларды бала қоса алмайды.

Google компаниясының ата-ана бақылауы Google Family Link деп аталады. Ата-ана алдымен қосымшаның ересектерге арналған нұсқасын өзінің құрылғысына ор-

натуы керек. Балаларға сәйкесінше балаларға арналған нұсқасы орнатылады. Ата-ана өз қосымшасында отбасы тобын ашып, балалардың Google аккаунтын тіркейді. Балаларға арналған нұсқасын тек Android-та орнатуға болады. Қосымшаны іске қосу үшін:

Ата-анаға арналған Family Link-ке кіріп, код алу;
Кодты балаларға арналған қосымшаға енгізу;
Экран уақыты мен жас шектеуін баптау.

Бала өзінің планшетінде не смартфонда ата-ана енгізген баптауларды өзгерте алмайды. Ал ата-ана баласының гаджетті қалай және қанша уақыт қолданғаны жайлы есеп алады. Егер бала жаңа ойын немесе қосымшаны жүктегісі немесе сатып алғысы келсе, ата-анасының телефонына ескертпе жіберіледі. Бұдан бөлек, баланың гаджетіндегі кез келген қосымшаны бұғаттауға болады.

Гаджетті қолдану уақытын шектеумен қоса құрылғыны түнде немесе үй тапсырмасын орындау кезінде құлыптап қоюға болады. Интернетке қосылған планшет немесе смартфон арқылы баланың қайда екенін бақылай аласыз.

Енді сіз «ата-ана бақылауы» деген не екенін және оны қалай қолдану керек екенін білдіңіз. Қазіргі ғаламторда балаларға арналған арнайы тәрбие құралдары бар. Бірақ есіңізде болсын, бұл тек көмекші ғана, ата-ана тәрбиесін ештеңе алмастыра алмайды.

Гаухар САТЫМБЕКОВА,
Ақын Сара атындағы орта мектебінің педагог-психологы.

Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы

Бүгінгі өскелең ұрпаққа уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге қатар жүрері анық. Бөбекжай-бақшада берілген тәрбие барлық тәрбиенің бастамасы әрі үйлесімді тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Қазақстан Республикасының білімді дамыту тұжырымдамасында «Мектепке дейінгі тәрбие – үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген. Демек, бала – біздің болашағымыз болса, баланың болашағы біздің қолымызда. Сондықтан да заман талабына сай жан-жақты, білімді жас ұрпақты тәрбиелеуде таным ұғымына үңіліп, оны дамыту жұмыстарын қолға алу педагогтардың міндеті деп санаймын.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Еліміздің тірегі білімді, рухты ұрпақ. Бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – тәуелсіз мемлекетіміздің уығы боп қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Сондықтан бүгінгі таңда тәрбиешінің алдында тұрған міндет табысты және тиімді әрекетке дайын, өзінің іс-әрекетімен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті, отбасындағы, қоғамдағы рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру.

Динара ЖАКИПБЕКОВА,
МКҚК "Балдырған" санаторлық топты бөбекжай- бақшасының тәрбиешісі.

НА "ХОРГОС-СЕРВИС" НАЛОЖЕН ШТРАФ ЗА НАРУШЕНИЕ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу (Департамент) наложил административный штраф на государственное юридическое лицо — Товарищество с ограниченной ответственностью «Хоргос-Сервис» (Товарищество).

Товарищество, находящееся на 100% в коммунальной собственности, действовало вопреки установленным правилам, указанным в Постановлении Правительства РК от 28 декабря 2015 года №1095. Данное постановление определяет перечень видов деятельности для государственных предприятий и юридических лиц, акции которых на более чем пятидесяти процентах принадлежат государству.

Несмотря на предписание Департамента об устранении нарушений, Товарищество не привело свою деятельность в соответствие с требованиями, что привело к административному взысканию. Решение о привлечении к ответственности было подтверждено в первой и апелляционной инстанциях суда, подтверждающая законность действий Департамента.

Штраф в размере 1 242 000 тенге был наложен за неисполнение Предписания Департамента.

Газдан абай болайық

Қауіпсіздік ережелеріне сәйкес газ шаруашылығында сұйықталған газбен толтырылатын баллондары орнату тұрғын үйдің сыртында да, ішінде де қарастырылады. Сонымен қатар баллондар жайлардың ішінде төрттен аспайтын пәтерлері бар бір немесе екі қабатты үйлерде болуы мүмкін.

Тұрғын үйдің ішінде сиымдылығы 55 л бір ғана баллон, газдық аспаптар тұрған сол жайларда орнатуға рұқсат беріледі. Шапқы құбырымен сорып шығаратын желдеткіш немесе фреонгаз ашылатын терезесі болуға тиіс.

Жанғыш қабырғаның маңында орналасқан газ плитасы сылануға тиіс, сонымен қатар қабырғадан плитаға дейінгі ара қашықтық 7 см кем болмауға тиіс.

Ринат АХМАРОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ бас маманы,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.



Кеселге қарсы тұрайық

Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықтық түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білу керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады.

Д. ҚАЛИБЕКОВ,
Ақсу ауданаралық әділет басқармасы басшысының м.а.

Орман зиянкестері

Орман зиянкестеріне ағаш, бұта өсімдіктерін зақымдайтын жәндіктер, кейбір кене түрлері, омыртқалы жануарлардан қоян, тышқан тұқымдас кемірушілер жатады.

Елімізде орман зиянкестерінің ішінде жиі кездесетіні жәндіктер, қоректену түріне қарай: жапырақ жегілер (қылқан жапырақты да), дің кемірушілер, тамыр зиянкестері немесе топырақ мекендеушілер және жеміс, тұқым зиянкестері деп бөлінеді. Бұлардан көбелектер, құмырсқа, шыбындар тез көбейіп кететін болса, жапырақ жегілер, бізтұмсықтар, улы алағүліктер, т.б. біркелкі көбейіп, әсіресе жас ормандарда, саябақтарда, егін қорғау алқабында белгілі бір аймақта таралады. Дің зиянкестері негізінен қоңыздар (қабық қоңызы, сүген қоңыздар, зер қоңыздар, бізтұмсықтар), кейбір жарғақ қанаттылар (мүйіз құйрықтылар) және көбелектер (бұрғы көбелек, жылтыр көбелектер). Бұл зиянкестер ағаш тінін, сүрегін кеміреді, сапасын кемітеді, ағашты қуратады. Тамыр зиянкестеріне зауза қоңыздары, қарақоңыз, тақта мұртты қоңыздардың дернәсілдері жатады. Тамыр зиянкестерінің көпшілігі жұмыртқасын топырақ арасына салады және барлық даму сатылары сонда өтеді. Жеміс, тұқым зиянкестерінің түрі өте көп. Бұлар ағаштың генеративтік органдарын зақымдайды, орман шаруашылығына едәуір зиян келтіреді.

Орман зиянкестеріне қарсы олардың көбею, таралуының алдын алатын және жойып жіберетін химиялық, биологиялық шаралар (зиян келтіретін жәндіктерді жеп құртатын жәндіктер, жәндік қоректі құстар, биологиялық препараттар) қолданылады. Жапырақ жегілерге қарсы негізінен химиялық әдіс қолданылады. Үлкен аймақтарға ұшақпен пестицидтер себіледі. Дің зиянкестері таралмауы үшін орманда өсетін ағаштар құрамы жақсартылады, зиянкестерге төзімді ағаш түрлері егіледі, орман кесу ережелері, орманды тазалау тағы да басқа шараларды дұрыс іске асыру қадағаланады. Тамыр жеміс, тұқым зиянкестеріне қарсы әр түрлі химиялық заттар пайдаланылады.

Қ. САРЫБАЕВ,
«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ Сарқан филиалы Аманбекторы
орманшылығының мем.инспекторы.

ПАРК АУМАҒЫНДАҒЫ ӨРТКЕ ҚАРСЫ ШАРАЛАР

Көктемнің басталуымен өрт қауіпті маусым басталады және тәжірибе көрсеткендей осы уақыт ішінде өрттің саны күрт өседі. Құрғақ, ескі шөптерді өртеу, бақыланбайтын ауылшаруашылық жемшөптің жануы және халықтың жаппай табиғат аясына шығуына байланысты жағдай күрделене түседі. Сондықтан біздің Ұлттық паркте жеріміздің өкпесі - ормандарды қорғауда орман өрттерімен күресуге және өрттің алдын алу шараларына көп көңіл бөлінеді. Жыл сайын «Жоңғар Алатауы» МҰТП өрт қауіпті маусымына дайындық жүргізіледі: өртке қарсы негізгі шаралар жергілікті басқару органдарымен және Төтенше жағдайлар бөлімдерімен келісіледі, Ұлттық парктің филиалдарында өртке қарсы техниканың жай-күйі тексеріледі, ауылшаруашылық құрылымдармен екі жақты келісімдер жасалады, мектептерде және мекемелерде әңгімелесулер жүргізіледі, сондай-ақ қар жамылғысы еріген кезде өткен жылғы шөпті бақылап өртеу сияқты алдын алу жұмыстары жүргізіледі.

Жыл басында «Өрт қауіпті кезеңге дайындық туралы» парк директорының бұйрығы шығарылып, өрт қауіпті маусымға дайындық айлығы өткізіледі. Өртке қарсы құрал-саймандар жаңартылып, толықтырылады. Инспекторлық құрамды ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша оқыту жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, инспекторларға жанар-жағармай резервтік қоры беріліп, радиобайланыстың тұрақты болуы тексеріледі. Өртке қарсы іс-шараларды қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалады, ол толық көлемде орындалады. Сондай-ақ орман қоры жерлеріндегі өрттердің алдын алу және олардың өрттерді сөндіруге дайындық деңгейін арттыру мақсатында аудандық төтенше жағдайлар бөлімімен бірлесіп арнайы оқу жаттығуы өткізілді.

Орасан зор шығын әкелетін орман өрттерінің алдын алу өте маңызды. Сондықтан күзетті жақсарту мақсатында жыл сайын ұлттық парк аумағын өртке қарсы жайластыру, таулы жағдайларда орман өрттерін сөндіру, сондай-ақ осындай жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту және оларға нұсқау беру жүргізіледі.

Құрметті азаматтар, осы орайда өрт қауіпті бар маусымның басталуына байланысты сізден орманда өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауды сұраймыз: бұл үшін қаралмаған жерлерде от жағуға болмайды, орманда тез тұтанатын заттарды қалдырмаңыз. Сақ болыңыз, табиғатқа түсіністікпен қараңыз. Орман өрті барлық тіршілік иелері үшін қайтымсыз апат.

Айдос ДАУЫЛБАЕВ,
Сарқан филиалының
Тополёвка орманшылығының 45
айналымының
мемлекеттік инспекторы.

Суға шомылу ережелері мен қауіпсіздік шаралары

сүзегі 183 тәулік, дизентерия 12-92, оба 4-92, туляремия 7-31, бруцеллез 4-45 тәулікке дейін өмір сүреді.

III. Аяқ-қол тырысуы (судорога) болғанда сіздің іс-әрекетіңіз: Суық суда шомылу қол-аяқтың тырысып қалуына әкеліп соғады; егер тырысу болғанда жүзуді тоқтатып суға арқаңызбен шалқалай жатыңыз, сабыр сақтаңыз; Қолыңыздың саусақтары тырысып қалғанда жұдырығыңызды түйіңіз, қолыңызды бір жаққа қарай серпе лақтырып, жұдырығыңызды ашыңыз; Балтыр бұлшық еті тырысқанда бүгіліп қолыңызбен аяғыңыздың басын қысып бар күшіңізбен өзіңізге қарай тартыңыз, немесе аяғыңызды судың астына созып, аяғыңыздың бармақтарын алға иіңіз. Тырысу қойысымен тынығып алып, жүзудің басқа әдісімен жағаға шығыңыз.

IV. Су иірімінен шығудың тәсілдері. Егер иірімге тап болсаңыз, кеудені кере дем алып, иірімнің астына сүңгіңіз; Судың астында иірімнен алысырақ кетуге тырысыңыз; Иірімнен алыстаған соң судың бетіне қайта шығып жағаға қарай жүзіңіз.

V. Суда қатты шаршаған кездегі іс-әрекет: Суда ұзақ шомылу шаршап - шалдығуға әкеліп соғады. Егер суда шаршасаңыз немесе тоңсаңыз тез арада жағаға қайтыңыз. Сабыр сақтаңыз; Әлсін - әлсін шалқалай жатып дем алыңыз, күшіңізді үнемдеңіз, өзіңізді және уақытты бақылау үшін, жаймен дауыстап санаңыз; Егер өз күшіңізбен жағаға жете алмайтыныңызды сезінсеңіз шалқалай жатып қолыңызды бұлғап көмекке шақырыңыз.

VI. Суық судың қауіптілігі. Суық суға түсіп кеткен адам 10-30 минутта көбіне суық өтіп қайтыс болады. 5-15 минут қимылсыздық суықтан талуға (шок) және өлімге әкеліп соғады. Организмнің жалпы салқындауы қатты шаршағанда, ашыққанда, мас күйінде тезірек болады.

VII. Судағы қатерге ұшыраған адамға алғашқы көмек: Қатерге ұшыраған адамға көмек көрсеткенде мүмкіндігінше тездетіп оттегі жеткізудің қолдан дем алдыру тәсілін қолдану арқылы жойыңыздар; қатерге ұшыраған адамды судан алып шыққаннан кейін оның киімін беліне дейін шешіп, демалу жолдарының

жоғары жағын және асқазанын судан босатуға кірісу; қатерге ұшыраған адамның аузын азу тістерінің әр жағынан саусақпен қармай, немесе қол орамалмен, не дөке оралған пышақ жүзімен, шай қасықтың сабымен немесе жалпақ темір затпен ашу керек; Қатерге ұшыраған адамның жоғарғы тыныс жолдары мен асқазанын судан арылту үшін оның кеудесін көмек көрсетушінің тізесінің бүгілген аяғының үстіне басын төмендетіп салып, кеуде сүйегінің астыңғы бөлімдерін ырғақпен қысып баса беру. Ең жеңіл және тиімді тәсіл - ауыздан - ауызға немесе ауыздан - мұрынға ауа үрлеу. Қатерге ұшыраған адамды бетін жоғары қаратып жатқызып, бір қолды оның мойнының астына жіберіп, екінші қолымен маңдайынан басып, басын мүмкіндігінше шалқайту. Бас бармақпен және сұқ саусақпен қатерге ұшыраушының мұрнын қатты қысып, демді ішке терең алып, оның аузына минутына 18-20 дем салу керек.

Судағы апаттан қорғандың ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау.

А. ДҮЙСЕНБАЙ,
Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.

Жаздың ыстығында күнге және ыстық құмға қыздырыну, салқын суға шомылу жаңға сондай жайлы. Жас балалардың суға шомыла білмеуі, адамдардың суда қауіпсіздік ережелері, шараларын орындамауы орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жатады. Сондықтан осындай келеңсіз оқиғаларды болдырмау үшін төмендегі ережелерді орындаған жөн:

I. Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары. Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз; Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз; Суға тек қана рұқсат етілген жерлер мен жағажайларда шомылыңыздар; Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоңып қалтырауға дейін жеткізбеңіз; Суға түскенде бір-біріңізді көзден таса қылмаңыз; Қоршау белгілерінен тысқары аумаққа шықпаңыз; Техникалық ескерту белгілерінің және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар.

II. Көлдерде, тоғандарда, тоқтау сулар мен шалшық суларда шомылудың қауіптері. Өзендер мен көлдерде, тоғандарда, тоқтау сулар мен шалшық суларда шомылудың қауіпі мол, себебі инфекциялық аурулардың қоздырғыштары ағын суда: Іш-

Жаны Жайсаң тұлға

Ақылға кенен, ерлікке кемел өрлікпен,
Серпінді сазды тұнық

ойына нұр біткен,

Қиялмен шарлап,

жүректі жаулап бір сәтте,

Сәулелі ғұмыр Көкімжан аға

тербеткен.

Көкірегің сәулелі, жаның нұрлы,

Аманатын еліңнің арқаладың .

Өнегемен тамсанып өр еліңді,

Байыз таппай ел үшін жалындадың.

Шыққанша кеуденнен шыбын жаның,

Алған беттен тайынбай шырылдадың.

Қиын-қыстау әр сәттен жігерленіп,
Қыл арқандай есіліп шымырландың.

Тау суындай бастау алып бұлқынған,
Шырғалаңға толы өмірі оның

құрылған.

Құрметке лайық,

шынайы көркем бейнесі,

Парасат іс, қаламымен із қалдырған.

Гүлзада ЕРБОЛҒАН,

К.Қазыбаев атындағы орта

мектебінің 8 сынып оқушысы.

Ата –аналар назарына!

«Балдырған» бөбекжай - балалар бақшасында мектеп жасына дейінгі балалардың ата – аналарына арналып Консультациялық пункт жұмысы ұйымдастырылған.

Консультациялық пункттің мақсаты ата –аналармен жұмыс жасауда серіктестік байланысты орнатуға, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтырудың мәселелері бойынша отбасылық балабақшалар мен мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балаларға психологиялық - педагогикалық консультациялық көмек көрсету. Балаңыздың толыққанды дамуын қамтамасыз ету, үлкен жетістіктерге жетуіне ақпарат алу үшін мына төмендегі ұйымдастыру құрылымының құрамына келіп кеңес алуларыңызға болады.

Ата – аналарға арналған консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру құрылымының құрамы: Балабақша меңгерушісі; Балабақша әдіскері; Балабақша педагог-психологы; Балабақша медбикесі; Педагог –тәрбиешілер; Педагог – логопед; Педагог – дефектолог.

Консультациялық пункттің кестесі: дүйсенбі мен жұма күндері 08.00 – 18.00 сағат аралығында, түскі үзіліс 12.00 – 14.00. Демалыс күндер: сенбі - жексенбі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

20.06.2024 ж., 11.00 сағ. Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 111 мекенжайы бойынша аудан әкімдігінің ғимаратында "Жетісу облысында 2019 жылғы 24 мамырдағы № 102-ЕЛ лицензиясы бойынша алаңда қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі (Үшөзек учаскесі)" жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі".

Қатысушыларды тіркеу талқылау басталғанға дейін жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде 1 сағат бұрын енгізіледі.

Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде өткізіледі.

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (БЭК) ұсынылатын болады <https://ecorportal.kz/>.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады: тел: +77760733337.

"Эколира" ЖШС сізді жоспарланған конференцияға шақырады: Zoom.

Тақырыбы: "Жетісу облысында (Үшөзек учаскесі) 2019 жылғы 24 мамырдағы № 102-ЕЛ лицензиясы бойынша алаңда қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі" жобасы

Уақыты: 20 маусым. 2024 11: 00 AM Алматы

Кіру Масштабтау Конференциясы

<https://us04web.zoom.us/j/7722076593?pwd=8oAidBIXrasSblX7bdEnyWzHRrBTWP.1&omn=74054080507>

Конференция идентификаторы: 772 207 6593

Кіру коды: 123456

Тапсырыс беруші - "AKSENGER LTD" ЖШС Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 108 ғимарат, БСН: 190140020547, Тел. +7 (701) 837 45 98; e-mail: anuar4eg@mail.ru

Құжаттаманы әзірлеуші - "ЭКОЛИРА" ЖШС, Өскемен қ., Потанин к-сі 21-2, БСН: 990340009256, Тел. +7 (776) 073 33 37; эл. пошта: info@ekolira.kz.

Жергілікті атқарушы орган - "Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ,

Тел. +7 (7282) 32-93-83.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те орналастырылған <https://ecorportal.kz/> және ЖАО сайтында e-priroda.gov.kz. "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде.

Ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайлар бойынша қабылданады:

Жетісу облысы, 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, № 26, e-mail: priroda@zhetyusu.gov.kz, Тел. +7(7282)40-03-02.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

20.06.2024 г, 11.00 ч. по адресу Жетысуская область, Сарканский район, г. Саркан, улица Тәуелсіздік 111, в здании районного акимата проводятся общественные слушания по Проекту "Раздел охраны окружающей среды к Плану разведки твердых полезных ископаемых на площади по лицензии № 102-ЕЛ от 24 мая 2019 года в Жетысуской области (участок Ушозек)".

Регистрация участников вводится за 1 час, при предъявлении документа, удостоверяющего личности до начала обсуждения.

Общественные слушания будут проведены в форме открытого собрания.

В случае введения карантинных мер, слушания будут проведены в режиме онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале (ЕЭП) <https://ecorportal.kz/>.

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону: тел: +77760733337.

ТОО «Эколира» приглашает вас на запланированную конференцию: Zoom.

Тема: Проект "Раздел охраны окружающей среды к Плану разведки твердых полезных ископаемых на площади по лицензии № 102-ЕЛ от 24 мая 2019 года в Жетысуской области (участок Ушозек)

Время: 20 июн. 2024 11:00 AM Алматы

Войти Zoom Конференция

<https://us04web.zoom.us/j/7722076593?pwd=8oAidBIXrasSblX7bdEnyWzHRrBTWP.1&omn=74054080507>

Идентификатор конференции: 772 207 6593

Код доступа: 123456

Заказчик - ТОО "AKSENGER LTD" Область Жетісу, Сарканский район, Сарканская г.а., г.Саркан, улица Тәуелсіздік, здание 108, БИН: 190140020547, тел. +7 (701) 837 45 98; e-mail: anuar4eg@mail.ru

Разработчик документации – ТОО «ЭКОЛИРА», г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина 21-2, БИН: 990340009256, тел. +7 (776) 073 33 37; эл. почта: info@ekolira.kz.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел. +7 (7282) 32-93-83.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecorportal.kz/> и на сайте МИО e-priroda.gov.kz, в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам:

Жетысуская область, 040000, город Талдықорған, улица Кабанбай Батыра, № 26, e-mail: priroda@zhetyusu.gov.kz, тел. +7(7282)40-03-02.

Жеңімпаздар анықталды

4-мамыр күні Ұлы Жеңістің 79 жылдығына орай аудандық Ардагерлер ұйымының іс-шаралар жоспарына сәйкес Қ.Жанасбековтың басшылығымен Ардагерлер үйінде шахмат, дойбы, ұлттық ойынымыз - тоғызқұмалақтан турнир өткізілді. Бұл жарысқа ұрпақтар сабақтастығы ретінде ардагерлер мен орта буын және жастар да қатыстырылды. Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балаларының нағыз азамат болып қалыптасуына аса мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған. Ойында даналық пен тапқырлықтың, әдептілік пен мейірімнің, достық пен кішіпейілділіктің, әділдік пен ақылдылықтың, имандылық пен ізденімпаздықтың, батылдығын пен сабырдың іздері жатыр. Осы үрдістің үлгісін ойын барысында аға буын өкілдері жастарға көрсете білді. Соңында ойындардың қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар анықталды. Дойбыдан жүлделі 1-орынды Қойшыбаев Гауһарбек, 2-орын Уанов Дәуренбек, 3-орынды Дуланбек Дәлелхан иеленді. Шахматтан 1-орынды Қомашбаев Болат, 2-орын Жазықбаев Есенқұл, 3- орын Садуақасов Дамирге тиесілі. Тоғызқұмалақтан 1-орынды Әбішев Нұрлан, 2-орын Сүдірбаева Есбала, 3- орын Досымов Серікке бұйырды. Интеллектуалдық ойынның жеңімпаздары ақшалай сыйлықпен марапатталды. Қалған ойынға қатысушыларда ынталандыру сыйлығына ие болды.

Есбала СҮДІРБАЕВА,

Амангелді ауылдық округі Аналар кеңесінің төрайымы.

Хабарландыру/Объявление

Продается 2-х этажный дом с общей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток, по адресу г. Саркан, ул. Тәуелсіздік № 247. Или обмен на 3-х комнатную квартиру в городе Талдықорған. Обращаться по тел. 8776 7370548, 8775 692 2726.

"Қанатжан және Ко" ЖШС автобекетке шұғыл түрде кассир, диспетчер, қоғамдық дәретхана қызметкері қажет. Сарқан қаласы, Әуезов көшесі № 49, т. 2-16-50, 8701 7542204 директор Ж. Б.Сасанбаев.

ТОО «Қанатжан и Ко» автовокзал срочно требуются кассир, диспетчер, работница общественного туалета. Обращаться г. Саркан, ул. Ауэзова № 49, т. 2-16-50, 8701 7542204 директор Ж.Б.Сасанбаев.

Сасанбаева Салтанат Оразбековнаның атына тіркелген Сарқан ауданы, Алмалы ауылдық округі, Абай ауылы, Рашат Досжанов көшесі №4 үйдің (кадастрлық нөмірі 03-263-037:336:1) және Сарқан ауданы, Сарқан қаласы Әйтеке би көшесі №3 үйдің (кадастрлық нөмірі 03-267-004-571) тұрақты жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актілері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Ахметов Руслан Аликовичтің атына тіркелген Сарқан ауданы, Екіаша ауылдық округі аумағында орналасқан 102 га көлемді жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-053:617) жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актілері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.